

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС

- 2024 жылғы 4 маусымда «Қазақтелеком» АҚ мен PIN Interconnect Ltd. арасында МТС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алуға қатысты сатып алу-сату шартына қол қойылды.
- 2024 жылғы 4 қарашада транзакциялық құжаттарға қосымша келісімдерге қол қоюды мақұлдау бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өтті. 2024 жылғы 11 қарашада «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қосымша отырысы өткізілді, онда сатып алу-сату шарты бойынша кейінге қалдыру талаптарын орындау мерзімдерін ұзарту мақұлданды. 2024 жылғы 12 қарашада мәміле тараптары қатарлық инвестор тарапынан қаржыландырушы банктердің талабы бойынша транзакциялық құжаттарға қажетті қосымша келісімдерге қол қойды.
- 2024 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің №996 қаулысымен «Қазақтелеком» АҚ МТС-тің 100% қатысу үлесін PIN Communication жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына жоғарыда аталған мәміле құжаттарының талаптары бойынша сатуы мақұлданды.
- 2024 жылғы 17 желтоқсанда Мемлекеттік комиссияның сырттай отырысында МТС сатудан түскен қаражатты республикалық бюджетке аудару мәселесі қаралды. 2024 жылғы 27 желтоқсанда Қор өз тарапынан дивидендтер төлеу арқылы республикалық бюджетке 177,9 млрд теңге бағыттады.
- 2025 жылдың 14 қаңтарында актив жаңа меншік иесіне қайта тіркелді. 2025 жылдың 16 қаңтарында бірінші транш бойынша 700 млн АҚШ доллары көлемінде төлем алынды.

«East Cooper» ЖШС (тікелей атаулы сату)

- 2024 жылғы 7 ақпанында «Қазгеология» АҚ мен «Standard Minerals» ЖШС арасында 1,15 млрд теңге сомасына «East Cooper» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 25%-ы сатып алу-сату шартына қол қойылды. 2024 жылғы 7 ақпанда «Қазгеология» АҚ мен «Standard Minerals» ЖШС арасында «East Cooper» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 25%-ын сатып алу-сату шартына қол қойылды.

«Silicon mining» ЖШС және «Tau-Ken Temir» ЖШС

- 2024 жылғы 31 мамырда «Тау-Кен Самұрық» ҰМК» АҚ мен Metaleen Investments Holdings LLC және TSP Aluminium Anonim Şirketi құрамындағы консорциум арасында «Silicon mining» ЖШС және «Tau-Ken Temir» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 55%-ын сатып алу-сату шартына 4,91 млрд теңге сомаға қол қойылды.

3-қосымша.

Ақпараттандыру және цифрландыру

Қордағы ақпараттық технологияларды автоматтандыру және цифрландыру бизнес-процестерді оңтайландыру, ашықтықты арттыру және оларды цифрлық ортада іске асыруға көшу мақсатында озық цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған. Бұл шаралар ақпаратты өңдеудің тиімділігін, дәлдігін және жылдамдығын едәуір жақсартуға ықпал етеді, бұл Қор қызметкерлерінің де, Қордың компаниялар тобының да өнімділігінің өсуіне тікелей әсер етеді.

2024 ЖЫЛЫ НЕ ІСТЕЛДІ:

Халықаралық ІТ өзара әрекеттесу бойынша кешенді жұмыс

Қорда ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша кешенді жұмыс жүргізілді. Осы бағыт шеңберінде бірқатар жетекші халықаралық компаниялармен жұмыс кездесулері өтті, онда төмен орбиталық спутниктік байланыс (LEO), жасанды интеллект технологиялары және бұлтты платформалар негізінде шешімдерді қолдану талқыланды.

Бұдан басқа, Қордың портфельдік компанияларының қатысуымен көлік, энергетика, өндіруші сала және шалғай аумақтарды цифрландыру сияқты секторларда аталған технологияларды енгізудің практикалық сценарийлерін талдауға арналған салалық воркшоптар ұйымдастырылды.

Әлеуметтік әмиян

«Әлеуметтік әмиян» жобасы Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау мақсатында іске асырылуда.

Батыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласында «Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) және тұрғын үй көмегін (ТК) алушыларды қоса алғанда, халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін тауарлық газға сараланған тарифтерді енгізу болып табылады.

Георезервтеу

Төтенше жағдайлар туындаған кезде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде маңызды деректер мен ақпараттық жүйелерді қорғауды қамтамасыз ету үшін "георезервтеу" әдісін қолдану тәсілі таңдалды. 2024 жылы георезервтеу жүйесін дамыту және жетілдіру жұмыстары жалғасты. Сыни жүйелерді қамтуды кеңейтуге, репликация процестерін оңтайландыруға және қалпына келтіру сценарийлерін жаңартуға ерекше назар аударылды. Аталған шараларды кешенді іске асыру кез келген сын-тегеуріндерге тиімді жауап бере алатын сенімді цифрлық контурды қалыптастырады және форс-мажор жағдайында да Қордың АТ-ландшафтының тұрақты жұмысына кепілдік береді.

Қор тобында жасанды интеллект элементтерін енгізу бағыты бойынша жұмыс

Қордың портфельдік компанияларында өндірістік және корпоративтік міндеттерді шешуге арналған жасанды интеллект технологиялары негізінде виртуалды ассистенттерді іске асыру бойынша жұмыстар басталды.

Қор тобында бұрын іске қосылған жобалар шеңберінде жасанды интеллект технологияларын дамыту және енгізу бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды. Зияткерлік шешімдерді іске асыру операциялық қызмет пен аналитикадан бастап ішкі сервистердің

қауіпсіздігін және қолдауын қамтамасыз етуге дейінгі түрлі салаларды қамтиды. Бұл бастамалар тиімділікті арттыруға, операциялық тәуекелдерді азайтуға, басқару шешімдерінің сапасын жақсартуға және Қор тобында цифрлық жетілуді нығайтуға бағытталған.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР:

Көлденең салық мониторингі платформасы

Қосымша витриналарды іске асыру бөлігінде көлденең мониторинг платформасының функционалын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Жасанды интеллект элементтерін енгізу бағыты бойынша жұмыс

Қор тобы шеңберінде жасанды интеллект технологиясының базалық элементтерін енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және бекіту.

Жоғарыда аталған іс-қимыл жоспары шеңберінде шығындарды оңтайландыруға, инновациялық инфрақұрылымды дамытуға және Қордың экожүйесінде тұрақты цифрлық ортаны қалыптастыруға ықпал ететін жасанды интеллект технологияларының базалық элементтерін қолдана отырып жобаларды енгізу бойынша іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

4-қосымша.

«Самұрық-Қазына» АҚ жасауға мүдделілігі бар, оларды жасасу туралы шешімді Қор басқармасы қабылдаған мәмілелер тізбесі:

№	Контрагенттің атауы	Қызығушылық белгісі	Мәміленің атауы
1	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Стратегиялық серіктестік туралы келісім
2	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шартына №1 қосымша келісім
3	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Кредиттік шартқа № 2 қосымша келісім
4	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кредиттік шартқа № 1 қосымша келісім
5	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
6	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
7	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
8	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
9	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
10	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
11	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
12	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт
13	«Қазпошта» АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шартына №2 қосымша келісім
14	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартына №3 қосымша келісім
15	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Құрылтай шарттары
16	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы келісім
17	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару туралы шарт
18	«Bolashaq Investments LTD» ЖК	Қор Тобының Ұйымы	Сатып алу-сату шарты
19	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шарты
20	«Karabatan Utility Solutions» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Сатып алу-сату шарты
21	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Сатып алу-сату шарты
22	«Bolashaq Investments LTD» ЖК	Қор Тобының Ұйымы	Уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шарт
23	«Kcell» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Купондық облигацияларды сатып алу туралы шарт
24	«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Облигацияларды сатып алу туралы келісім
25	«Самұрық-Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы келісім
26	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	Сенімгерлік басқару туралы шарт
27	«Қазақтелеком» АҚ	Портфельдік компания	Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын айырбастау туралы келісімдер
28	«Қазпошта» АҚ	Портфельдік компания	Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын беру туралы қосалқы лицензиялық шартқа №1 қосымша келісім
29	«Kcell» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Құқықтарды беру туралы шарт
30	«Kcell» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Сублицензиялық шарт
31	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	Қор Тобының Ұйымы	Стратегиялық серіктестік туралы Келісімге №1 қосымша келісім
32	«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Қор Тобының Ұйымы	Облигацияларды сатып алу туралы шарт
33	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	Портфельдік компания	Мүлікті сатып алу-сату шартына №1 қосымша келісім